Қысқа мерзімді жоспар

| | | |
|---|---|---|
| Білім беру ұйымының атауы | «Өлеңті ауылының ЖОББМ» КММ | |
| Пәні: | Әдебиеттік оқу | |
| Бөлім: | Мәдени мұра | |
| Педагогтің аты-жөні: | Шокаева Айсулу Тулегеновна | |
| Күні: | 21.11.2024 ж. | |
| Сынып: 4 «А» | Қатысушылар саны 10 | Қатыспағандар саны |
| Сабақтың тақырыбы: | Таңғажайып ертегілер «Алтын сақа» | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты: | 4.1.3.1 шығарманың тақырыбы және қорытынды бөлімі негізінде сюжеттің дамуын болжау, оның себебін түсіндіру.<br>4.2.6.1 кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау | |
| Сабақтың мақсаты | Сюжеттің дамуын болжайды, кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалайды. | |
| Құндылықтар | Тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық таныту. | |
| | Сабақтың барысы | |

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурс-тар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>1 минут | I. Ұйымдастыру кезеңі<br>Психологиялық дайындық<br>1, 2, 3,<br>Сынып іші тып-тыныш.<br>Жалқаулықты тастаймыз,<br>Біз сабақты бастаймыз. | Өлең шумағын мәнерлеп айтады | Жарайсыңдар! | А4 парағы |
| 4 минут | II. Үй тапсырмасын тексеру.<br>Бағалау түрін түсіндіру **«Асық»** әдісі<br>108-111 бет Ұлттық ойындарымыз оқу, әңгімелеу.<br>- Ұлттық ойындардың қандай түрлерін білесіңдер?<br>-Өткен сабақта қандай ұлттық ойынның түрімен таныстық?<br>-**«Орамал тастау»** ойынын тақтаға шығып көрсету.<br>-Асық атауларын атаңдар (сақа, топай, кеней, ешкімер, қойлақ)<br>-Асықтың түсуіне қарай атауларын ата. (сурет, асықтар)<br>-Асық ойынының атауларын ата.<br>- Қазіргі кезде не себепті асық ойындары сирек ойналады? | Өткен тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. | Дескриптор:<br>сұрақтарға жауап береді.<br>ҚБ:Жарайсың! Өте жақсы! | Асық бағалау қағазы<br>орамал |
| Жаңа сабақ<br>10 мин | **Суретпен жұмыс**<br>Суретте ертегілердің қандай кейіпкерлері бейнеленген және қай ертегіден?<br>Ертегінің қай түрі? (таңғажайып)<br>-Сақа деп асықтың қандай түрін айтамыз? | Суреттегі кейіпкерлерге қарап, ертегінің атауын анықтайды. | Дескриптор:<br>1. Суреттегі кейіпкерлерге қарап, ертегінің атауын | суреттер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың<br>ортасы<br>15минут<br><br>Бекіту 10<br>мин | Ендеше, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы мен мақсатын таныстыру.<br><br>**III. Жаңа тақырып**.<br>Білу және түсіну<br>Оқулықпен жұмыс.<br>**1-тапсырма. "Миға шабуыл" әдісі .**<br>Топтық жұмыс<br>Суреттегі кейіпкерлерге қарап, ертегінің атауын анықтаңдар.<br><br>1. Қотыр торғай<br>2.Алтын балта<br>3.Ақбас торғай<br><br>**2-тапсырма** . 3-сыныпта оқыған "Ақбас торғай" ертегісінің ерекшелігі неде?<br>Ертегінің ерекшелігі Ақбас торғайдың қулығында және барлық құстардың бірігіп істі соңына дейін жеткізуінде.<br><br>**3-тапсырма**. Таңғажайып кейіпкері бар ертегілерді ата.<br><br>**4-тапсырма**. Мәтінмен жұмыс **"Тергеу"** әдісі .<br>1. Түсініп оқы.<br>2. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар.<br>3. "Ойлан, тап" әдісі<br>«Алтын сақа» ертегінің мазмұнын әрі қарай болжа. Балаға көмектесу үшін қандай қиял-ғажайып оқиға айтар едің?<br>4. Ертегінің жалғасын оқыту.<br>5. Болжау мен мәтінді салыстыру.<br>**5-тапсырма.** Баланың әкесінің іс-әрекеті туралы не айтар едің?<br>Баланың әкесінің іс-әрекеті құптарлық емес. Баланы кемпірдің қолына береді.<br><br><br><br>**6-тапсырма**. «Ойлан, бірік, бөліс!» әдісі.<br>Балаға қандай мінездеме беруге болады?<br>Бала өте алғыр, өжет, қайсар, батыл.<br><br>Сергіту сәті «**Асық**» ойыны | 3-сыныпта оқыған "Ақбас торғай" ертегісінің ерекшелігі неде екенін айтады.<br><br>Таңғажайып кейіпкері бар ертегілерді атайды.<br>Ертегінің мазмұнын әрі қарай болжайды.<br><br>Өз болжауын ертегі мазмұнымен салыстырады.<br><br>Баланың әкесінің іс-әрекеті туралы өз ойын айтады.<br><br>Балаға мінездеме береді. | анықтайды.<br>1б<br><br>Дескриптор:<br>1. 3-сыныпта оқыған "Ақбас торғай" ертегісінің ерекшелігі неде екенін айтады.1б<br>2.Таңғажайып кейіпкері бар ертегілерді атайды.1б<br><br>Дескриптор:<br>1.Мәтінді түсініп оқиды.Ертегінің мазмұнын әрі қарай болжайды.1б<br><br>Дескриптор<br>1 . Өз болжауын ертегі мазмұнымен салыстырады.<br>1б<br>Дескриптор:<br>1. Баланың әкесінің іс-әрекеті туралы өз ойын айтады.<br>1б<br>Дескриптор<br>1. Балаға мінездеме береді.1б | <br>Оқулық<br>Дәптер<br><br>автор-дың<br>суреті<br><br>оқулық<br><br><br><br>дәптер<br>сурет-тер<br><br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Түсіндірме<br>**Фантастика** (грек сөзі) – қиялдау өнері. Мұндай шығармаларда шындыққа жанаспайтын құбылыстар бейнеленеді. Оның кейіпкерлері қиындықтан аман-есен құтылып шыға алады. Қиял-ғажайып ертегілерінің оқиғасы фантазияға құрылады.<br><br><br>**7-тапсырма.** Ертегінің үзіндісін тыңда. Сұраққа жауап бер.<br><br>**8-тапсырма.** Қатені тап.<br>Шырағым, өзің ал. Кәріліктен отырсам, тұра алмаймын, тұрсам, отыра алмаймын. | Ертегінің үзіндісін тыңдайды. Сұраққа жауап береді<br>Берілген сөйлемдегі қатені табады.<br><br>Қандай кейіпкерлер жақсылық үшін күрескенін айтады.<br><br>Аудиожазба тыңдау | Дескриптор<br>1. Ертегінің үзіндісін тыңдайды. Сұраққа жауап береді. 1б<br><br>Дескриптор<br>1. Сөйлемдегі қатені табады.1б | |
| Сабақтың соңы<br>5 минут | IV.Сабақты қорытындылау. **«Шертпек»** ойыны<br>**9-тапсырма.**<br><br>1. Бүгін қандай ертегі өттік?<br>2. Ертегідегі кейіпкерлерді ата.<br>3. Ертегіде қандай кейіпкерлер, не үшін күресті?<br>Жақсылық үшін -қызыл түлкі, ақ түлкі, қарлығаш, төбеттер.<br>4. Ертегідегі негізгі ой қандай?<br>Ертегідегі негізгі ой-жақсылықтың жеңуі.<br>5.Фантастика дегеніміз не?<br>6. Алтын сақа ертегісі ертегінің қай түрі?<br><br>-Бүгінгі оқу мақсаты қандай болды?<br>-Жетістік критерийлеріне жеттік пе?<br><br>**Үй тапсырмасы .**<br>112-116 бет оқу, мазмұндау, жазу.<br><br>Оқушылардың білімін бағалау. «**Асық»** әдісі Мұғалімнің бағалауы.<br><br>**Рефлексия.**<br>«Пирамида» әдісі стикер жапсыру. | Бүгінгі сабақтағы өзінің әрекеті туралы, жаңа білімді меңгерудегі өзінің жетістіктері мен қиыншылығы туралы ой бөліседі. өзін бағалайды<br>сабақтан алған әсерлерімен бөліседі<br>Сұрақтар қояды, қосымша түсіндіруді қажет ететін тұстарын айтады. Сабақ немесе тақырып бойынша өз пікірін айтып, болашақта не қалайтынын білдіреді. Оқушы өз оқуында қандай әдістердің тиімді болғанын байқайды. | Кері байланыс :<br>Бүгінгі сабақтың оқу мақсатына жеттік пе ?<br>Бүгінгі сабақта не үйрендің ?<br>Қорытынды бағалау .<br>ҚБ : 1-10 б жүйе Мадақтау сөздер<br>Жарайсыңдар<br>Балдар жиынтығын қою. | |